

Сарыағаш аудандық мәслихатының 2016 жылғы 29 қыркүйектегі № 6-61-VI "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидасын бекіту туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

### ***Күшін жойған***

Оңтүстік Қазақстан облысы Сарыағаш аудандық мәслихатының 2017 жылғы 30 маусымдағы № 12-142-VI шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 25 шілдеде № 4170 болып тіркелді. Күші жойылды - Түркістан облысы Сарыағаш аудандық мәслихатының 2019 жылғы 25 маусымдағы № 39-374-VI шешімімен

**Ескерту.** Күші жойылды - Түркістан облысы Сарыағаш аудандық мәслихатының 25.06.2019 № 39-374-VI шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 56-бабының 1-тармағының 4) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңының 6-бабының 2-3 тармағына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" қаулысына сәйкес, Сарыағаш аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Сарыағаш аудандық мәслихатының 2016 жылғы 29 қыркүйектегі № 6-61-VI "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидасын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3867 тіркелген, 2016 жылғы 27 қазанда "Сарыағаш" газетінде жарияланған) шешіміне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген шешімімен бекітілген Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидасында:

7 тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) 9 мамыр "Женіс күні" мерекесіне орай:

Ұлы Отан соғысының қатысуышылары мен мүгедектеріне, біржолғы 100 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

екінші дүниежүзілік соғыс кезінде фашистер мен олардың одақтастары құрған концлагерлердің, геттолардың және басқа да еріксіз ұсташа орындарының жасы қәмелетке толмаған бұрынғы тұтқындарына, біржолғы 5 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

1941 жылғы 22 маусымы мен 1945 жылғы 9 мамыры аралығында кемінде 6 ай жұмыс істеген (әскери қызмет өткерген) және Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы жанқиярлық еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен марапатталған адамдарға, біржолғы 5 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

қайталарап некеге отырмаған зайдыбына (жұбайына) біржолғы 5 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

қайтыс болған соғыс мүгедектерінің және соларға теңестірілген мүгедектердің әйелдерді (қүйелері), сондай-ақ қайтыс болған соғысқа қатысуышылардың, партизандардың, астыртын курес жүргізген адамдардың "Ленинградты қорғағаны үшін" медалімен және "Қоршаудағы Ленинград түрғыны" белгісімен наградталған, жалпы ауруға шалдығудың, еңбек ету кезінде закым алудың нәтижесінде және басқа себептерге (құқыққа қайшы келетіндер басқаларына) байланысты мүгедек деп танылған азаматтардың екінші рет некеге тұрмаған әйелдеріне (қүйеулеріне) біржолғы 5 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;";

7 тармақ мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

"4) 7 мамыр "Отан қорғаушы күніне" орай:

жаттығу жиындарына шақырылып, ұрыс қимылдары жүріп жатқан кезде Ауғанстанға жіберілген әскери міндеттілерге, бір жолғы 5 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

1986-1987 жылдары Чернобыль АЭС-індегі апаттың, сондай-ақ азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың зардаптарын жоюға қатысқан, сондай-ақ Семей ядролық сынақтар мен жаттығуларға қатысқан адамдарға, ядролық каруды сынаудың салдарынан мүгедек болған адамдарға біржолғы әлеуметтік көмектің шекті мөлшері 5 айлық есептік көрсеткіш;";

9 тармақтың 6) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"6) басылымдарға жазылу үшін - Ұлы Отан соғысының қатысуышылары мен мүгедектеріне бір жолғы 3 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде және Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы жанқиярлық еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен марапатталған адамдарға, біржолғы 1 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;";

9 тармақтың 8) тармақшасы алыш тасталсын;

10) тармақшасының үшінші абзацтағы "30" деген сан "40" деген санмен ауыстырылсын;

9 тармақ мынадай мазмұндағы 12) тармақшамен толықтырылсын:

"12) әлеуметтік және инва такси қызметін ұсынуға – Ұлы Отан соғысының ардагерлері мен мүгедектеріне, жүріп тұруы қын бірінші, екінші, топтағы мүгедектерге, мүгедек балаларға емдеу мекемелеріне және қоғамдық орындарға тасымалдау үшін, ай сайын 40 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде.".

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихат  
сессиясының төрағасы  
Аудандық мәслихат  
хатшысы*

*H. Давлетяров  
Ж. Сулейменов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК